

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитеті. 2024 жылға арналған есеп [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://qpsa.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары институты. 2022–2024 жылдарға арналған криминалистикалық статистика [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://forensic.gov.kz/ru/is-sharalar/taldama-jane-statistika/>
5. FBI. Behavioral Analysis Unit. Annual Report, 2023. — Washington, D.C.: U.S. Department of Justice, 2023. — 214 p.
6. National DNA Database (UK). Statistical Overview, 2024. — London, 2024. — 88 p.
7. ViCAP— Violent Criminal Apprehension Program. U.S. Department of Justice, 2023. — Washington, D.C., 2023. — 156 p.
8. Воронин С.Е. Ұйымдасқан қылмыстылықтың криминалистикалық алдын алу құралы ретінде тактикалық операция // International Journal of Science and Technology Society. — 2021. — № 3. — Б. 45–52.
9. Arxiv.org. Hot-spot policing and predictive models of violent crime (Қылмыстық зорлықты болжау және «ыстық нүктелер» полициясы жөніндегі зерттеу). — 2022. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://arxiv.org/pdf/2011.06019>
10. Иванов И.И. Адам өлтіру қылмыстарын тергеудегі криминалистика және жедел-тактикалық әдістер. — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 256 б. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://elib.kaznu.kz>
11. Петров П.П. Қылмыс орнындағы тактикалық операциялар. — Алматы: Жеті жарғы, 2020. — 198 б. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz>
12. Смирнова Е. В. Қылмыс орнын қарау тәжірибесі // Криминалистика журналы. — 2019. — № 3. — Б. 45–58. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://journal-crim.kz>
13. Козлова А.В. Адам өлтіру қылмыстарын тергеу кезінде қолданылатын тактикалық ұсынымдар. — Алматы: Жеті жарғы, 2021. — 196 б.
14. Қазақстанда кісі өлтіру қылмыстарын ашу статистикасы. — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, 2023. — 37 б. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.czhr.kz/post/%D0%BD%D0%B0>

## **САРАПШЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДАҒЫ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕГІ ҰҒЫМЫ МЕН МӘНІ**

Абзалбекова М.Т. Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,

Заң ғылымдарының магистрі

Болат Д.Б. Оңтүстік-Шығыс ПБ тергеу бөлімшесінің тергеушісі, полиция лейтенанты

Суяндіков Ж.Н. Соттық және прокурорлық қызмет білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Алдын ала тергеу мен сотта істі қарау барысында қылмыстық істер бойынша ақиқатты қалыптастыру, мән-жайларды дәлелдеу негізінде жүзеге асырылып, оның жалпы көлемі нақты іс бойынша зерттелген пәні болып табылады. Дәлелдеме дегеніміз, бұл нақты деректер ортасындағы байланысты анықтау. Бұл байланыс объективті түрде болады және олар танылғандығы немесе танылмағандығына қарамастан дәлелдеуді жүзеге асырушының еркіне тәуелсіз түрде жүзеге асырылады. Дәлелдеу процесі барысында олар толық анықталып, зерттеліп ақиқатты анықтауға жол ашады.

Дәлелдеу процесі жинау, зерттеу және бағалаудан тұрады. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау – бір уақытта бір-бірімен аралас түрде жүзеге асатын кезең. Осы процестің әртүрлі сатысында осы жақтардың біреуі бірінші жоспарда өтіп қалғандары қалады.

Дәлелдемені жинау, зерттеу және бағалау дәлелдеменің мақсатына жету қызметін – ақиқатты анықтауды жүзеге асырады. Дәлелдеме – бұл ақиқаттың шынайылығына көз жеткізу. Бізге таныс құбылысты айқындауда олардың айқындай келе, толық күмәнсіздікке жету – дәлелдеме болып

табылады.

Тікелей алып қарастырғанда дәлелдеу құралы – бұл дәлелдемені жүзеге асыру, ал дәлелдеу тек дәлелдемелер ғана жүзеге асырылады. Заңда көрсетілген дәлелдеме түсінігінің өзі басқа да кез-келген заттың қолдануға жол бермейді, дәлелдеме дәлелдеудің жансыз құралы, осы арқылы тергеуші немесе сот өз іс-әрекеттерін жүзеге асыра алады. Дәлелдеменің қайнар көзі дәлелдеудің қайнар көзі болып табылмайды, себебі онымен ештеңе дәлелденбейді: дәлелдемелік күшті тек сол қайнар көздерден алынатын деректік мәліметтер жүзеге асырады. Сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарын зерттеу [1; 60].

Дәлелдемелерді мәліметтік деректер түрінде анықтау, олардың негізінде және азаматтық іс бойынша зерттеу жағдайларын анықтау, осы мағынада толық және нақты мазмұнды болып табылады. Бірақ, мұның өзі жеткіліксіз. Нақты «фактілік деректер» түсінігіне не кіретінін анықтау қажет. Бұл онай мәселе емес, ғылыми әдебиеттерде ол әртүрлі алдық заң қабылданғанға дейін «фактілік деректер» деп тек дәлелдемелік мәліметтерді қарастырған. Ал, криминалистер кең мағынада алып қарастыра отырып, істі шешуде негіз болатын кез-келген деректерді көрсетеді.

Жалпы барлық деректер, егер сол арқылы сотталушының іс-әрекеті немесе тұлға қасиет негізімен қорытынды беру қызметін жүзеге асыра отырып, үкім мазмұнын қаншалықты болатынын анықтауға жататын болуы тиісті. Дәл осыған ұқсас көзқарастарды В.Гранов, Н.Лаговиера және тағыда басқа ғалымдардың еңбегінен кездестіруге болады. Көрсетілген процессуалистер өз еңбектерінде дәлелдемелік деректер туралы пікір білдірмейді, өйткені бұл айдан-анық көрініп тұр, деректерге және дәлелдемелерге тек қана іс бойынша нақты жағдайлар жатқызылады.

Жалпы ғылыми талдау толықтығын, процессуалды дәлелдеме қарама-қатыстылығы мен әртүрлі нәрселердің ерекшелігін дұрыс саралау мен бағалауда мазмұны мен соттық дәлелдеме көздерінің тағайындалуын нақты анықтау қажет. Бұл сауалдық практикалық маңызы зор. Бірақ, бұл арнайы әдебиеттерде арнайы зерттеу пәні болған емес.

Соттық дәлелдемелердің «екіреттік» белгілену негізін жақтаушылар олардың рұқсат етілетіндігін көбінесе анықтамайды, олар тек «мәлімет көздері деректер» туралы айтады және олар дәлелдеме түсінігін құрушы элемент ретінде санайды. Егер осы концепцияны қолдаушылар дәлелдеменің қайнар көзі ретіндегі мәселе көтерсе, онда ол қайта соттық дәлелдемелер сұрағына қосылады.

Дәлелдемелердің қайнар көзі дәлелдемелік құқықтың жеке өзіндік қайнар көзі ретінде нақты соттық дәлелдемелер түсінігіне біріктірілген арнайы орын таппаған. Бұлардың құрылымында деректер ретінде қайнар көз мәліметтері «мазмұн түрінде» бағаланып, дәлелдеме түсінігінің ажырағысыз бөлімі болып табылады.

Бірақ, бұл екі көзқарастың түйіні бір нәтижеге әкеледі, яғни, бұл ұғым дәлелдеме мен оның қайнар көзі арасындағы қарама-қайшылықты жоққа шығару болып табылады.

Әлі де болса, дәлелдемелердің қайнар көзі толығымен зерттелген жоқ. Сонымен қатар, соттық дәлелдемелер мен олардың қайнар көздерін ретті шектеуді қолдайтын процессуалистер қатары да айқын емес, Олардың еңбектерінде тек жалпы көзқарастарды кездестіруге болады. Мысалы, олар дәлелдемеден оның қайнар көзіне ажыратуға болады, егер деректер туралы мәліметтің шығуы оның анықталуына әкеп соқтыратын болса деген көрсетумен шектеледі. Бұл дегеніміз «қайнаркөз – ол дәлелдемені мазмұндаушы» одан тергеу немесе сот белгілі заңмен тәртіптелген негізде дәлелдеме алады және осы деректерді қолданады деген сөз.

Ал екіншісінің көзқарасы бойынша «егер дәлелдеме бұл бізді қоршаған дерек шынайылы, ал дәлелдеме қайнар көзі – бұл осы деректер туралы мәліметтер және олардың көлеңкесі», деп көрсетеді [2; 89].

Бұл талдаулардың өзі дәлелдемелер қайнар көзінің табиғаты мен құрлымын толық ашып көрсетпейді, кейбіреулері керісінше осы мәселені шешуде қосымша қиыншылықтар туғызуы мүмкін. Дәлелдемелер, қайнар көзін ықшамдағанда, оның деректік мәліметтер құрамындығын ұмытпаған жөн. Әйтпесе, дәлелдеме қайнар көзі мен дәлелдеменің өзімен араласады, және де заңда көрсетілген әртүрлі дәлелдемелер қайнар көзін бір-бірімен ажырату негізі жоғалады. Байырғы деректер мәліметі біркелкі түрде заңда көрсетілген дәлелдемелер қайнар көзінің көпшілігі – құжаттардан адамдардың көрсетуі немесе тергеу хаттамалар әрекеттерінен қалыптасады. Көбінесе белгілі бір дерек туралы нақты мәліметтер әртүрлі қайнар көздерде (мысалы: сараптама қорытындысында айыпталушы

түсініктемесінде және құжаттарда) мазмұны мен мағынасы бойынша ұқсас болады. Егер дәлелдеме қайнар көзі түсінігі деректер туралы осындай мәліметтермен анықталған болса, онда әртүрлі соттық дәлелдемелер бір-бірімен ешбір ажырағысыз болар еді. Онда бұл қайнар көздерді жеке түрлерге бөлу мүмкіндігі болмаған еді, былай болған жағдайда заңда көрсетілген негіздер әрқайсысына тән арнайы белгілерін зерттеу мүмкіндігі де болмайды.

Бұнымен заң шығарушы дәлелдемелер қайнар көзін фактілік деректер мен олардың мөлшерін тоқтата отырып шектейді, яғни байырғы фактілік деректер мәліметтік негізге алмайды. Заңда көрсетілген соттық дәлелдемелер қайнар көзі нақты фактілік ақпарат беріп отырған жоқ, ол тек осы ақпаратты сақтау мен беру құралын жүзеге асыруда. Осы қайнар көздердің кез-келгені алдымен анықталған процессуалдық түр, осының көмегімен дәлелдеме болып табылатын фактілік деректер процессуалды айналым орталығына иенеді. Іс бойынша кез-келген бір адамнан алынған белгілі бір дерек бойынша нақты процессуалды түрде алынған мәлімет дәлелдеме қайнар көзінің кез-келгенімен байланыста болуы мүмкін [3; 32].

Мысалы, шабуыл жасалып тоналған адам құқыққорғау органдарына келіп осы болған қылмыстық оқиға жайында алдымен жазбаша түрде өтініш жазу арқылы, кейін жауап алу кезінде берген көрсетулерін алып қарастырсақ, онда бізге белгілі екі арнайы қайнар көзді – құжат және жәберленуші көрсетуін көреміз, әрине бұл екеуінде де бірыңғай мәліметтер мазмұндалады.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 132-бабына сәйкес ұсталған адам өз еркі бойынша түсініктеме беруге, кейін сезікті ретінде, одан кейін айыпкер ретінде жауап береді, осы негізде тергеу және сот органдары үш бірыңғай дәлелдемелер қайнар көзімен (түсініктеме, сезікті жауабы, айыпкер көрсетуі) астасады. Бірақ, бір адаммен берілетін мәлімет мазмұны кейде қарама-қайшы немесе қарама-қарсы болады, ал басқа бір жағдайларда бір-біріне толығымен сәйкес келеді. Осындай қайнар көздерді, егер дәлелдеме қайнар көзінің түсінігінің мәні анықталмаған болса, алдымен оның процессуалды түрде алынуы мен дәлелдемені сақтау толығымен жүзеге асырылмаса бөлуге келмейді. Бұл дегеніміз, түсініктеме, көрсету, сараптама қорытындысы, құжаттар және басқа да дәлелдемелер қайнар көзі – алдымен анықталған процессуалды түрлер, осылардың арқасында іске маңызы бар деректік мәліметтер процессуалдық дәлелдемелер аумағына енеді [4; 42].

Бірақ қарастырылып отырған түсінік мазмұны бұнымен ғана шектелмейді. Осы процессуалдық түр соттық дәлелдемелер қайнар көзінің түріне тиесілі болуы мүмкін және ол әлі де болса толығымен негізгі мәнді белгілерін сипаттауға жеткіліксіз. Мысалы, көрсету түсінде тергеу немесе сот органдарына өздеріне белгілі деректер бойынша мәліметтерді куәләр, сезіктілер, айыпкерлер және жәбірленушілер береді жеке түсініктеме түрінде – сезікті, айыпталушы, азаматтық жауапкер және тағы басқалары береді. Осыған орай куә көрсетумен, жәбірленуші, сезікті көрсетуін және басқа да дәлелдемелер қайнар көзін бөліп көрсетеді. Бұл жерде дәлелдеме қайнар көзінің түрін анықтауда түсініктің басқа мәнді белгісі қажет, яғни деректік ақпаратқа ие болушы және ол процессуалды дәлелдеуде қолданушы субстрат (жағы, пәні). Әрине, естен шығаруға болмайтын бір мәселе ол соттық дәлелдеменің қайнар көзі ретінде кез-келген көрсету, түсініктеме және т.б. жүргізілетін естен шығармаған жөн.

Сараптама қорытындысы – бұл маманмен берілетін хабарлама, яғни ол заңға сәйкес сарапшы мен тағайындалып, алдын-ала тергеу, прокуратура және сот органдарының тапсырмасы бойынша арнайы сұрақтарды шеше отырып деректер туралы ақпарат алуы.

Бұл жерде субъект болып жеткілікті тұрғыда ғылым, техника, өнер немесе қол өнер және т.б. салалар бойынша білім деңгейімен менгерген маман болып табылады. Сарапшы ретінде анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдары тағайындайды. Жалпы сарапшы болып тағайындалған тұлға осы іс бойынша мүдделі болмауы қажет. Сарапшы мемлекеттік міндетті орындайды. Қылмыскерге тағайындалған айыптар көбінен басқа айғақтармен қатар сараптама қорытындысына да енгізіледі. Сондықтан қылмыстық іспен танысқанда айыпкер сот сараптамасының актісінің қоса оқуы тиіс. Бір қынжылатын жайт, бізде қазақ тілінде жүргізілетін істер бойынша да сот сарапшысының актісі көп жағдайда орыс тілінде жазылады. Оның түсінігін айыпкер егжей-тегжейлі оқып түсіне аспайды. Бұл деген өзін-өзі қорғау құқығынан айырылу аймағы болып табылады.

Қорыта келгенде бұл қателікті жою үшін қазақ тілінде жүргізілетін істер бойынша сот сараптамасы актісі қазақ тілінде жазылуы тиіс.

Қазіргі заң талаптарына сәйкес қылмыстық істі қозғамай тұрып сараптама тағайындау мүмкіндігі туындап отыр. Сол себепті қылмыстық істі қозғау сатысындағы заңдылықтың мәртебесі арта түсетіндігі

айқын мәселе екендігін ескеріп қажетті жағдайларды сараптама тағайындау оң нәтиже береді және іс бойынша ақиқатқа қол жеткізуге қолайлы жол ашатындығымен сипатталады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы «Сот-сараптама қызметі туралы» Заңы № 44-VI ҚРЗ.
2. Арсеньев В.Д. Вопросы общей теории судебных доказательств. –М.:1964.-167 с.
3. Жәкішов Е. Сот экспертизасы немесе оны тағайындау жөніндегі кейбір пікірлер, - Фемида. 1997. -155 б.
4. Сафуанов К.С. Судебно-психологическая экспертиза в уголовном процессе.-М.:1998.-174 с.

## **СУЩНОСТЬ МЕТОДОВ СУДЕБНОЙ ОДОРОЛОГИИ**

Умуркулов Д. К.

Магистрант группы МЮ – 25- 1 ОП Юриспруденция

Научный руководитель: Заведующий кафедрой правовых и финансовых дисциплин академии «Bolashaq» к.ю.н., профессор Кабжанов А.Т.

Современная криминалистика активно использует методы, основанные на анализе индивидуальных признаков человека, одним из которых является запах. Судебная одорология - сравнительно молодое направление, изучающее закономерности возникновения, фиксации, хранения и исследования запаховых следов, оставляемых человеком на объектах материальной среды.

Актуальность темы обусловлена необходимостью совершенствования методов обнаружения и идентификации запаховых следов, а также обеспечения достоверности и процессуальной допустимости одорологических доказательств в судебной практике. Целью настоящего исследования является определение сущности и классификации методов судебной одорологии, а также анализ их значимости для криминалистической деятельности.

Криминалистическая одорология - это система знаний о запахах и одорантах и научно обоснованные методы, технические средства, рекомендации по обнаружению, анализу, удалению и хранению запаховых следов для их последующего использования в уголовном судопроизводстве.

Индивидуальность запаха, исходящего от человека, генетически предопределена. Только однояйцевые близнецы имеют одинаковую генетическую конституцию, и их запахи чрезвычайно похожи. Эксперименты, проведенные английским ученым Кальмусом, показали, что индивидуальный запах человека не зависит ни от его диеты, ни от одежды, которую он носит. Данные казахстанских и зарубежных криминалистов и кинологов, использующих метод судебной одорологии на практике, свидетельствуют о том, что в непроветриваемых закрытых помещениях пахучие следы сохраняются на следовых средах с высокой адсорбционной способностью до двух лет. Кроме того, было обнаружено, что, используя соответствующие методы, можно обнаруживать, удалять, фиксировать и сохранять молекулы запаха человека в течение длительного времени без изменения их свойств. Как фоновые запахи, так и запахи разных лиц не смешиваются и в результате не образуют нового запаха. В зависимости от методов изъятия, анализа и регистрации запахов судебная одорология подразделяется на кинологическую одорологию и инструментальную одорологию (ольфактроника). В кинологической одорологии орган обоняния служебной собаки используется в качестве анализатора пахучих веществ. В инструментальной одорологии в качестве анализаторов используются физико-химические приборы, способные выделять спектр пахучих веществ, регистрировать его в виде ольфактрограммы и обнаруживать отдельные компоненты запаха с высокой чувствительностью.

Исследование сущности и методов судебной одорологии на современном этапе характеризуется междисциплинарным подходом, сочетающим достижения криминалистики, химии, биологии и психофизиологии. Одорологические методы применяются для обнаружения, изъятия, хранения и исследования запаховых следов человека, выступающих в качестве вещественных доказательств.